

С.Торобеков<sup>1</sup>, С.Ж.Бодиков<sup>2</sup><sup>1</sup>Қырғызстан көркем академиясы, Бишкек;<sup>2</sup>Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: seyfolia\_aa@mail.ru)

## Бейнелеу өнеріндегі интеграциялық тенденциялар ерекшеліктері

Қырғыз-қазақ халықтарының бейнелеу өнері саласы дәстүрлері арқылы студенттердің шығармашылық іс-әрекеттерін жетілдіру маңызы қарастырылған. Жоғары білім беру жүйесінде болашақ өнер мамандарының шығармашылық іс-әрекеттерін жетілдіруге қатысты өнердегі дәстүр сабақтастығы, қазіргі заманғы түбі бір, діні, ділі бір халықтардың көркемөнер мәдениеті ғылыми-өнертанымдық тұрғысынан зерттелген. Студенттердің қырғыз-қазақ халықтар мәдениеті және өнері негізінде өнертанымдық қабілеттерін жетілдіруге бағытталған байланыстардың маңыздылығы айқындалған. Бұл бағыттағы оқытушылар мен студенттердің өнерді оқыту саласындағы қазіргі мүмкіндіктерінің оқу үдерісінде толық ашылуы әдістемесі көрсетілген. Өнерді оқыту әдістемесі мен оқу бағдарламаларының сәйкес келуі және түркі тілдес халықтары мемлекеттерінің өнер тарихын оқытуда оқу жоспарын жақындастыру, бірыңғай ету жайлы жолдар ұсынылған.

*Кілт сөздер:* бейнелеу өнері, студенттердің шығармашылық іс-әрекеттері, жоғары білім беру жүйесі, болашақ өнер мамандары, өнер, дәстүрлі сабақтар, дін, көркемөнер мәдениеті, ғылыми-өнертанымдық тұрғы, мәдениет.

Қазақ және қырғыз халықтарының мәдениеті ежелгі заманнан бергі қазақ жерінде өмір сүріп, қазақ халқын құраған ұлыстар мен тайпалардың материалдық мәдениеті мен рухани мәдениетінің заңды жалғасы және жаңа заман талабына сай дамып, қалыптасып келеді.

Адамзат адамзат болып жаралғаннан бері, бірі қанап, бірі қаналғаннан бері одан кейін де ұлт, халық, ел саналғалы бері қаншама мыңдаған жылдар өтіп келеді. Ұлы мекен — Орталық Азияда халықтар достығы арасында, міне, бүгінгі таңда ауызбірлік, ынтымақтастыққа келіп отырмыз.

Түркілердің ішінде қырғыз, қазақ, түрік, түрікмен, өзбек және әзербайжан сияқты ірі халықтармен бірге шор, долған, қарайым, қыпшақ сияқты ұсақ ұлыстар да болды. Орта Азия халықтарының көп ғасырлық дамыған мәдениеті XIV ғасырдың екінші жартысынан бастап қайтадан өрлей бастады. Мәдениетімізді дамытудағы жаңа өрлеуге жағдайлар жасалды. Олардың тарихи тағдыры мен мәдениеті өз ұлттарына қарай әр түрлі қалыптасты [1].

Әлемдік өркениетте айшықты қолтаңбасы бар қазақ-қырғыз өнері руханият саласындағы қоғамдық ұйымдардың белсенді қызметі арқылы да танимыз. Мұнан бірер жыл бұрын бейнелеу өнері мамандықтары өкілдері әлемнің түкпір-түкпірінен келіп, өнерді оқыту әдістемесі мен оқу бағдарламаларының сәйкес келуі және түркі тілдес халықтары мемлекеттерінің өнер тарихын оқытуда оқу жоспарын жақындастыру, бірыңғай ету жайлы ой бөлісті.

Жоғары білім ордалары өкілдері түрік әлемінде, оның ішінде Орта Азиядағы бейнелеу өнерін оқыту тәжірибесі мен әдістемесі және оқу жоспарымен әріптестерін таныстыра отырып, тәжірибе алмасудағы ұсыныстар қолдау тауып отыр. Нақтырақ айтсақ, қазіргі өз оқу орнының ағымдағы халықаралық байланыстарын алға тартып, студенттердің ұтқырлық топтары бағдарламасы арқылы өзара студенттер және магистрлер алмасуға ұсыныстар жалғасын тауып жатыр. Осы шеңберде былтыр ғана «Астана қырғыз суретшілері шығармашылығында» атты Астанада өткен үлкен көрме бейнелеу өнері ғана емес, екі ел арасындағы мәдениет саласындағы айтулы оқиға болды. Қырғыз суретшілері шығармашылығындағы Астананың айшықты көріністерінен қазақ халқына, оның жетістіктеріне деген сүйіспеншілікті, ерекше махаббатты айқын көруге болады.

Ел басшылары келісімдері бойынша жалпы, ортақ келісім жайлы құжаттар әзірленіп, осы өнердегі басқосулар дәстүрге айналу қажеттілігі туралы ұсыныстар да айтылған. Онда мәдениет саласындағы қырғыз-қазақ халықтарының байланысы, әсіресе бейнелеу өнерінің осы шеңбердегі даму үрдістері, ерекшеліктері қарастырылуы шарт.

Бейнелеу өнері оқытушылары өкілдерінің қатысуымен өнер және білім беру шеңбері арқылы байланыс орнату мақсатын қойып отыр. Түрік халықтарының дәстүрлі және заманауи өнер түрлері негізінде өнер саласындағы білім беру үдерісіне талдау жасай отырып, біртұтас бағдарлама жасауға тырысу. Сөз жоқ, осындай шаралар өнер мен білім беру негізінде түркі тектес, тілі, діні бір халықтардың интеграциялық үрдістерін жеделдетуге ықпал етеді [2].

Ежелгі тарихқа жүгінсек, аймақтағы ел тұтастығының ыдырап кетпеуіне халықтар арасындағы бірлікке мәдениет пен өнер арқылы қол жеткізу тиімді екені көрсетіп отыр. Ендеше, шашырап кеткен рухани құндылықтарды жинап, барымызды түгендеп, жоғымызды іздеу үшін түркі дүниесінің бірлігін сақтап қалу өте маңызды.

Құлашын кең жайып келе жатқан жаһандану үрдісі Орта Азия елдердің рухани сипатына қауіп төндіретінін ескерсек, оған тек дәстүрді сақтау, ынтымақтастықты дамыту арқылы ғана қарсы тұра алатынымызды ұмытпағанымыз жөн. Бұл тұрасында да халықаралық ұйымның атқарып отырған істері сан алуан. Өзара байланыс Орта Азия халықтарының салт-дәстүрлерін мейлінше дамытуға күш салады. Сондықтан бұл ұйым ортақ тарихтың тереңіне үңіледі. Тарихтың сабақтарын кейінгі буынға көбірек ұқтыруға тырысады. Біздің ортақ мәдениетіміздің болғанын, оны сыртқы күштердің қандайының да басып-жаншып тастай алмағанын, әр халықта сақталып қалған дәстүрлердің басын құрап, рухани дүниеміздің алтын сынықтарын жинап, қайта құрастырсақ, әлемдегі орнымыздың айрықша болатынын санаға сіңіреді. Сонда рухы биік ел жаһандануға қарсы тұра алады. Міне, осындай ұйым рухты көтеретін дәстүрлі өнерді дамыту үшін бар мүмкіндікті қарастырады. Соңғы жылдарда мәдениет саласында жүргізілген зерттеулер әлеуметтік идеалдардың тоқырауынан кейін этностық деңгейдегі мәдениеттерді топтастыру үрдісі күшейе түскенін аңғартады. Халықтардың рухани бастау-негіздері, ілкі мәдениеттері, басынан кешкен тағдыр-талайының ұқсастығы олардың қарым-қатынастарын берік орнықтыруына негіз бола алады. Өнер саласында өзара байланыс жұмысын жүргізу барысында есте ұсталатын қағиданың бірі осы. Бұл орайда туысқан түркі тілдес халықтар, әсіресе қырғыз-қазақ мәдени байланыстары арқылы рухани қатынас дәстүрін қайта жанғыртуға талпыныс танытып отыр.

Жалпы, аймақтық мәдениет тарихындағы, соның ішінде түркі халықтары мәдениеті шеңберіндегі Орталық Азия өнері тарихындағы ерекше бір дәуір болып есептелінеді. Бұл өркениетті жаратқан ежелгі түрік мемлекеттері халықтарының дүниеге көзқарасы ең алдымен өнерінде анық көрінеді. Біздің мәдениет тұтас бір дүние ретінде, оның негізгі құндылығы көшпенділер мәдениеті мен отырықшы елдер өркениетіне негізделіп, олардың бір-біріне ықпал, әрекеті ажырамас жағдай ретінде қаралады. Ежелгі Орта Азия елдері өнерінің тамырын зерттеу, үйрену, қазіргі замандағы бүкіл қырғыз-қазақ әлемін жақындастыру идеясы жарығында өзекті мәселе екендігі айқын. Сондықтан ежелгі дәуірде және орта ғасырлардағы Орталық Азия түрік халықтарының өнерінің тарихы қалпына келтіру және олардың көркемдік кеңістігін құрастыру принциптері мен тәсілдерін талдау, ғылыми ізденістің негізгі мақсаты болды. Тарихи-мәдени тұрғыдан талдау, қазақ-қырғыз халқының этномәдениеті мен дүниетану көзқарасына бейімделген әр түрлі діни жүйелердің өзара әрекеті қосылған көп компонентті жағдай екендігі анықталды. Орта ғасырдағы өнердегі тақырыптар және кескіндер негізінен қола және алғашқы темір дәуірінде анықталған. Сол кезде осы халықтар мәдениетінің негізі қалыптасып, түрік мемлекеттері кезінде гүлдену дәрежесіне жеткен. Сонымен бірге өнер іс жүзінде барлық Орталық Азия көшпенділері мәдениетіне тән екендігі анық көрініп тұр. Өнер туындылары ішіндегі ең ғажайыптарының композициялық құрамын талдау, олардағы баяғы қола дәуірінде орын алған өнер симбиозының қатты дамығандығын көрсетеді. Бірақ Орталық Азия мәдениетінде алғашқы орта ғасырлар кезінде өнердің доминант ролі бастамасын қайта қарау қажет, себебі бұл кезде түрік өнері қалыптасты және нығайды. Бұл көзқарас түрік өнері жәдігерлерін зерттеу нәтижесінде олардың кеңістік құрылымында өзіндік ерекшеліктері түрік халықтарына ғана тән дәстүрлер және дүниетанымы негізінде қалыптасқаны анықталды. Түркітілдес халықтардың өнерін зерттеу нәтижесінде олардың жалпы адамзат өнеріне, мәдениетінің дамуына үлкен үлес қосқандығы сөзсіз [3].

Осы орайда қырғыз-қазақ халықтарының тарихын, дүние жүзі тарихының құрамдас бөлігі, біртұтас үдеріс ретінде, өзара іс-әрекеттеріміз мысалында қарастыру маңызды. Оқушыларымыздың, студенттердің, болашақ өнер саласы мамандардың түрік әлемінің тарихына шынайы көзқарастарын қалыптастыру, соның ішінде Орта Азия халықтарының бір бөлігі ретінде қазақтардың мен қырғыздардың мәдениеті мен өнер тарихына ерекше көңіл бөлу; халықтар тарихының даму барысын игеру; көтеріліп отырған қырғыз-қазақ бейнелеу өнері мәселесі арқылы негізгі ғылыми әдебиеттерді меңгеруге көмектесу; студенттерге түркі тілдес халықтардың түбі бір екендігін түсіндіру; көне және ортағасырдағы түріктердің мемлекеттілігі мәселесін және олардың өзара мәдени байланыстарын өнер құралдары арқылы ашып көрсету; түркі халықтарының жаңа және қазіргі замандағы тарихының, мәдениетінің және өнерінің өзекті мәселелерін ашып көрсету [4].

Мәдениет — бүкіл адамзаттың тарихында жасалған материалдық және рухани байлықтың жиынтығы. Өткен мәдениетіміздің жаңа мәдениетке ауысуы қоғам тарихының заңды, мәдениетті жаңаша түрленуі болып саналады. Өйткені мәдениет пен өнер сананың, білім мен тәрбиенің, қоғамның жаңашыл даму кезеңіндегі дәрежесін көрсетеді. Көршілес отырған Қырғызстан және Қазақстан мемлекеттері арасындағы бұрынан келе жатқан туыстық көпір өнер арқылы жалғасын таба берсін.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақтың көне тарихы. — Алматы: Үміт, 1993. — 156 б.
- 2 Бодиков С.Ж. Қазақстан кәсіпқой бейнелеу өнерінің тарихы: Оқу құралы. — Қарағанды: ЖШС «Орман» баспасы, 2008. — 97 б.
- 3 Глаудинова М.Б. Түрік қағанаттары құтты сәулетінің генезисі: Сәулет өнері ғыл. д-ры ... дис. автореф. — Алматы, 2010. — 142 б.
- 4 Аманжолова К. Түркі халықтарының тарихы. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: [www.smsreferat.kz](http://www.smsreferat.kz).

С.Торобеков, С.Ж.Бодиков

### Особенности интеграционных тенденций в изобразительном искусстве

В статье рассмотрены проблемы развития интеграционных тенденций в высших учебных заведениях по изобразительному искусству и формирование творческих связей вузов Казахстана и Кыргызстана. Выявлены теоретические основы совершенствования творческой деятельности будущих специалистов и систематизировано содержание обучения в процессе высшего образования. Проанализирована эффективность модели совершенствования творческой деятельности будущих специалистов и обоснованы критерий, показатели и уровни взаимосвязи вузов Кыргызстана и Казахстана. Выявлены педагогические условия повышения эффективности развития творческого потенциала будущих специалистов в системе высшего образования.

S.Torobekov, S.Zh.Bodikov

### Features integration tendencies in the fine arts

In article development problems the integratsionnyzhk of tendencies in higher educational institutions on the fine arts and formation of creative communications of higher education institutions of Kazakhstan and Kyrgyztan are considered. Theoretical bases of improvement of creative activity of future experts are revealed and systematized the content of training in the course of the higher education. Are analysed efficiency of model of improvement of creative activity of future experts and the criterion, indicators and levels of interrelation of higher education institutions of Kyrgyztan and Kazakhstan are proved. Pedagogical conditions of increase of efficiency of development of creative potential of future experts in system of the higher education are revealed.

#### References

- 1 *Kazakh consenting history*, Almaty: Umit, 1996, p. 156.
- 2 Bodikov S.Zh. *Looked educational allowance: Tutorial*, Karaganda: «Limited Liability Partnership» «Quinsy of the forest», 2008, p. 97.
- 3 Glaudinova M.B. *Turk kaganat happy genesis of architecture: Scientific degree doctor science art of dissertation architecture, that coulisse prepared. abstract of thesis*, Almaty, 2010, p. 142.
- 4 Amanzholova K. *Turkic history*. — [ER]. Access mode: [www.smsreferat.kz](http://www.smsreferat.kz).